

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 желтоқсандағы N 150ат қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 759-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ к е с т е с і н і ң

5 - б а ғ а н ы н д а :

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының қазіргі телекоммуникациялық желілері мен ұлттық ақпараттық инфрақұрылымына зерттеу жүргізе отырып, мультисервистік (көліктік) ортасын құруға арналған техникалық тапсырма әзірлеу ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 5-тармағына сәйкес қызметтер көрсетуді бір көзден "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ-тан сатып алуды ж ү р г і з с і н) . " ;

7-тармақтағы "Базалық бағдарламалық қамтамасыз ету - 1 жиынтық" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының қазіргі телекоммуникациялық желілері мен ұлттық ақпараттық инфрақұрылымына зерттеу жүргізе отырып, мультисервистік (көліктік) ортасын құруға арналған техникалық тапсырма";

2) көрсетілген қаулыға 760-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ к е с т е с і н і ң

5 - б а ғ а н ы н д а :

мынадай мазмұндағы 4.4-тармақпен толықтырылсын:

"4.4. Хабарламаларды кепілдік беріп жеткізу үшін базалық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 1 жиынтық.";

мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Мемлекеттік органдар үшін техникалық құралдар мен лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 4 жиынтық.

8. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеудің кіріктірілген жүйелерін, оның ішінде телекоммуникациялық қызметтер көрсетуді құру.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдар үшін техникалық құралдар мен лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 4 жиынтық, хабарламаларды кепілдік беріп жеткізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 1 жиынтық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеудің кіріктірілген жүйелерін, оның ішінде телекоммуникациялық қызметтер көрсетуді құру."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК